

Г.Ж. Орда 

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан  
e-mail: orda\_68@mail.ru

## ДЕТЕКТИВ ӘҢГІМЕЛЕРДЕГІ ӨМІР ШЫНДЫҒЫНЫҢ КӨРКЕМ ШЫНДЫҚҚА АЙНАЛУЫ

Мақалада Қызылорда облысында тоқсаныншы, екі мыңыншы жылдары қоғамдық толқыныс тудырған ауыр, аса ауыр қылмыстарды әшкерелеуде полиция қызметкерлерінің жанқиярлық ерліктері туралы деректі детективті көркем шығармалар топтастырылған Н. Саматұлы мен Ә. Шаймағамбетовтің «Тәуелсіздік қырандары» жинағына енген шығармалар қарастырылған. «Қызылорда – Шымкент – «Набат», «Шаттықтың үңгірі», «Төрт қыздың трагедиясы», «Қызылордаша киднеппинг», «Алақандағы алты тал шаш», «Алты айда ашылған қылмыс», «Такси аулаған таялдар» әңгімелерінде өмір шындығы көркем шындыққа айналғаны ауыл, аудан, қала, облыстағы Ішкі істер басқармасында жұмыс істеген қызметкерлердің аты-жөні өзгеріссіз берілуімен, оқиға болған жер мен уақыттың нақты көрсетілуімен, тоқсаныншы жылдары елді алаңдатқан қылмыстардың ашылуымен, Сот үкімінің орындалуымен анықталған. Жазушылардың қылмыстың себептерін талдап, әлеуметтік астарына үңіліп, белгілі деңгейдегі моральдық мәселелерді зерттеуді мақсат еткендігі нақты мысалдармен тұжырымдалған. Әңгімелердегі зұлымдық тек қоғам заңдарын ғана емес, сонымен бірге адамзат өмір сүріп жатқан ғасырлар бойы қалыптасқан моральдық нормаларды өрескел және қорқынышты жағдайда бұзудан көрінген. Детектив шығармалардағы моральдық, психологиялық, криминологиялық, әлеуметтік-экономикалық қақтығыстардың үлкен қасіретке, адам өліміне алып келу себептері ашылған. Тергеушілердің құқықтық қорғауы жеке адамның меншігіндегі жоғалған мүлкті іздестіруімен айшықталған. Жазушылардың психологизмді игеруі әр кейіпкердің жандүниесіне үңіліп, ішкі және сыртқа қақтығыстардың себепсалдарын ашуымен түйінделген.

**Түйін сөздер:** проза, детектив, оқиға, айғақ, тергеуші, құпия қылмыс, оқиғаның шиеленісуі, шешім.

G.Zh. Orda

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: orda\_68@mail.ru

### The Transformation of Reality into Artistic Truth in Detective Stories

The article examines the works included in the collection *Tauelsizdik Kyrandary* by N. Samatuly and Ә. Shaimaghambetov, which brings together documentary-detective literary works dedicated to the selfless heroism of police officers in solving serious and especially serious crimes that caused wide public resonance in the Kyzylorda region in the 1990s and 2000s. In the stories "Kyzylorda – Shymkent – 'Nabat'," "The Shattyk Cave," "The Tragedy of Four Girls," "Kyzylorda Kidnapping," "Six Strands of Hair in the Palm," "A Crime Solved in Six Months," and "Demons Hunting Taxis," real-life truth is transformed into artistic reality. This is evidenced by the preservation of the real names of officers who served in rural, district, city, and regional divisions of the internal affairs bodies, the precise indication of the place and time of events, the disclosure of crimes that shocked the public in the 1990s, and the execution of court verdicts. It is demonstrated through concrete examples that the writers aim to analyze the causes of crimes, delve into their social underpinnings, and explore moral issues at a certain level. In the stories, evil is manifested not only in the violation of social laws, but also in the brutal and terrifying transgression of moral norms formed over centuries of human existence. In detective works, the reasons are revealed why moral, psychological, criminological, and socio-economic conflicts lead to great tragedy and the loss of human life. Issues of legal protection in the work of investigators are highlighted through the search for lost property belonging to private individuals. The writers' mastery of psychological techniques is expressed in their penetration into the inner world of each character and in the disclosure of the cause-and-effect relationships of internal and external conflicts.

**Keywords:** prose, detective, plot, clues, investigator, mysterious crime, unexpected plot twist, denouement.

Г.Ж. Орда

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан  
e-mail: orda\_68@mail.ru

### Трансформация жизненной правды в художественную правду в детективных рассказах

В статье рассматриваются произведения, вошедшие в сборник Н. Саматулы и Ә. Шаймағамбетова «Тауелсиздик кырандары», в котором сгруппированы документально-детективные художественные произведения, посвященные самоотверженному героизму сотрудников полиции при раскрытии тяжких и особо тяжких преступлений, вызвавших широкий общественный резонанс в Кызылординской области в 1990-е и 2000-е годы. В рассказах «Кызылорда – Шымкент – Набат», «Пещера Шаттыка», «Трагедия четырёх девушек», «Кызылординский киднеппинг», «Шесть волосков на ладони», «Преступление, раскрытое за шесть месяцев», «Охотящиеся на такси изверги» жизненная правда превращается в художественную реальность, что подтверждается сохранением подлинных имён сотрудников, служивших в сельских, районных, городских и областных подразделениях органов внутренних дел, точным указанием места и времени событий, раскрытием преступлений, потрясших общественность в 1990-е годы, а также исполнением судебных приговоров. Установлено на конкретных примерах, что писатели ставят целью анализ причин преступлений, обращение к их социальной подоплёке и исследование моральных проблем определённого уровня. Зло в рассказах проявляется не только в нарушении законов общества, но и в грубом и ужасающем попрании моральных норм, сформировавшихся на протяжении веков существования человечества. В детективных произведениях раскрываются причины, по которым моральные, психологические, криминологические и социально-экономические конфликты приводят к большой трагедии и гибели людей. Проблемы правовой защиты в деятельности следователей подчёркнуты поиском утраченного имущества, находившегося в частной собственности. Освоение писателями приёмов психологизма выражается в проникновении во внутренний мир каждого персонажа и в раскрытии причинно-следственных связей внутренних и внешних конфликтов.

**Ключевые слова:** проза, детектив, сюжет, улики, следователь, загадочное преступление, неожиданный поворот сюжета, развязка.

#### Кіріспе

Детектив жанрының бастауы ауыз әдебиеті үлгілерінде жатыр. Халық ауыз әдебиетіндегі миф, аңыз, ертегі, готикалық қорқынышты әңгімелер негізінде әлемдік әдебиеттегі детектив жанры қалыптасты. Жұмбақ мотиві мен жұмбақты шешу процесі кез келген оқырманды қызықтыратын болса, детектив шығармалардағы жұмбақ қылмыстар да оқырманды баурап отырады. Детектив шығармаларда жұмбақ мотивінің сақталуынан оның бастауы арыда жатқанын байқауға болады. Онда кез келген қылмыс пен оны ашу жұмбақ жағдайда жүзеге асады. Жұмбақ қылмыстарды ашуға құрылған детектив жанрының элементтерін ауыз әдебиетінен бастап әр дәуір әдебиетінен келтіруге болады. «Авестадағы» Томириске қатысты аңыздар, Бейбарыс сұлтан өміріне қатысты арабтың «Бейбарыс сұлтан» халық романындағы аңыздарда сол дәуірдегі мемлекеттік дәрежеге көтерілген қылмыстар арқау болған. Бейбарыстың өмірі құпия жағдайда жасалған қылмыстарды ашудың әділетті мемлекет құру жолындағы жанкешті ерліктерінің

астарында детектив жанрына тән элементтер жатыр. Испан әдебиетіндегі ертедегі қылмыс үшін ұрпақтар арасындағы қанды қырғын, америка әдебиетіндегі ганстериизм мен есірткі саудасы, италян әдебиетіндегі мафия, әзербайжан әдебиетіндегі сыбайлас жемқорлық, паркорлық, қазақ әдебиетіндегі милиция қызметкерлерінің қылмыспен күресі, т.б. Қай елдің әдебиетін қарасаңыз да детектив жанрының табиғатына сай кез келген қылмысты ашуға үш тарап қатысады. Олар: қылмыс жасаушы, жәбірленуші, қылмысты ашатын тәртіп сақшылары, ізкесушілер, полиция, сот қызметкерлері.

Әлем әдебиетіндегі детектив жанрын қалыптастырған Эдгар Аллан По, А.Канон Дойл, Агата Кристи, Д.Гаммет, Р.Чандлер, С.Гарднер сияқты авторлардың қатарын қазақ әдебиетіндегі С.Сейфуллин, К.Тоқаев, Қ.Исабаев, әзербайжан әдебиетіндегі Ж.Амиров, Ш.Абдуллаев тәрізді жазушылар толықтырды. Қазақ және әзербайжан жазушылары ХХ ғасырдағы әдебиетті детектив шығармалырымен байытып ұлттық әдебиетте детектив жанрын орнықтырды. С.Сейфуллин «Бандыны қуған Хамит», К.Тоқаев «Соңғы соқ-

қы» романы, «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Арнаулы тапсырма», «Көмескі із», «Таңбалы алтын» повестері, Қ.Исабаев «Комендант» романы, «Жұмбақ үй» жинағындағы детектив әңгімелері, әзербайжан жазушылары Ш. Абдуллаев «Қастандық», «Арнаулы тапсырма», Ж. Амиров «Қара волга», «Бриллиант мәселесі», «Отаннан ұзақта», «Жағалау операциясы» (Sahil amaliati) шығармаларында жана сюжеттер мен тың образдарды әдебиетке алып келді. Бұл қатар кейінгі жылдары жаңа есімдермен толықты. Қазіргі таңда детектив жанрына үлес қосып жүрген қазақ жазушылардың бірі – Н. Саматұлы мен Ә. Шаймағамбетов. С. Қирабаевтың ұлттық тәрбиеге қатысты: «Қазақ халқының ұзақ ғасырлар бойы ауызша шығарған әдеби мұрасы – фольклор мен тарихи әдебиеті ұлттық тәрбиенің маңызды көзі болып табылады», – деген пікіріне сүйенетін болсақ (Қирабаев, 2011, б. 214), детектив шығармалар қоғамдық-әлеуметтік мәнге ие дәстүрдегі идеяларды, адам тұлғасының мәселелерін оның зұлымдыққа қарсы күрестегі моральдық дамуын ашудың ең жақсы түрі болып табылады.

### Материалдар мен әдістер

Жазушылар Н. Саматұлы мен Ә. Шаймағамбетовтің «Қызылорда – Шымкент – «Набат», «Шаттықтың үңгірі», «Төрт қыздың трагедиясы», «Қызылордаша киднеппинг», «Алақандағы алты тал шаш», «Алты айда ашылған қылмыс», «Такси аулаған тажалдар» әңгімелеріне талдау жасауда жүйелеу, топтау, талдау әдістері басшылыққа алынды. Аталған шығармаларда өмір шындығының көркем шындыққа айналуы өмірде болған кейіпкерлер тағдырымен, қылмыскерлер есімдері мен оқиға болған жер атауларының өзгеріссіз берілуімен, уақыттың нақты көрстетілуімен айшықталды. Әңгімелерді талдауда қазақ детективтерінде көбінесе ұлттық менталитет, қазақы орта, ауыл, шағын қала өмірі, адам психологиясына терең үңілу әлеуметтік әділет, ар-намыс мәселесі көтерілетіні анықталды. Кей жағдайда қылмыс материалдық пайдадан туындаса, енді бірде адамгершілік дағдарыстан өршітіні нақты әңгімелермен тұжырымдалды.

Тақырыпты зерттеуде көркем әдебиеттің тәрбиелік рөлі туралы С. Қирабаевтың, тарихи шындық пен көркем шешім туралы Ш. Елеукевтің, деректі проза туралы К. Бейсенбіқызының пікірлері басшылыққа алынды.

### Әдебиеттерге шолу

Әлем әдебиетінен үлкен орын алатын жанр туралы әдебиеттану ғылымында көптеген зерттеу еңбектер жарық көрді. Тақырыпты зерттеуде қазақ, әзербайжан, орыс ғалымдарының төмендегі зерттеулері басшылыққа алынды. Қазақ әдебиеттанушылары детектив жанрын К. Тоқаев шығармалары аясында қарастырғанын Ф. Нұрғалымұлының «Тағдыр мен майдан» (Нұрғалымұлы, 2018), Б.Айжігітовтің «Кемел ағаның аманаты» (Айжігітов, 2021), тәрізді Кемел Тоқаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы әдеби зерттеулері мен «Кемел Тоқаев және ұлттық әдебиеттегі детектив жанры» (Тоқаев, 2023) атты конференция материалдарынан көрімімізге болады болады.

Ж.Ж. Аббасованың «Детективный жанр в азербайджанской литературе» (Аббасова, 2016), Т.Д.Мұхтарованың «Қазіргі детектив жанрындағы қаһарманның рухани дүниесінің суреттелуі» (Мұхтарова, 2021), А.К. Жунусованың «Жазушы Кемел Тоқаев және қазақ әдебиетінің детектив жанрын ЖОО-да оқыту» (Жунусова, 2023), С.Б. Латифлидің «Әзербайжан детектив прозасының қалыптасуы мен дамуы (Жәмшит Әміровтің шығармалары негізінде)» (Латифли, 2025), т.б. диссертациялық зерттеулерде әзербайжан, қазақ детективінің арғы бергі тарихы жекелеген жазушылар шығармаларымен бірлікте қаралды. Зерттеулер қатары Бүкілресейлік студенттер мен аспиранттардың ғылыми-практикалық «Детективный жанр в искусстве: социальный, психологический, литературный аспекты в прошлом и настоящем» атты конференция материалдарымен толықты (Детективный, 2024, б. 148). Осының өзінен қазіргі таңда детектив жанрын зерттеуге деген қызығушылықтың артқанын көруге болады.

Әзербайжан жазушысы, әдебиеттанушы А.Әбіловтің «Ұлттық детектив: қылмыстық дәуірдің әдеби пульсі» (Әбілов, 2007, б. 17-19) мақаласында Ю. Ахмадовтың «Орнын толтырмас» детектив романы талдау нысанына алынған. Қазақ әдебиеттанушылары да соңғы жылдары аталған жанрды тыңғылықты зерттеумен айналысуда. Г.Орданың «С. Олжабайдың «Қыз жылаған түн» детективті повесінің көркемдік ерекшелігі» мақаласында жазушының аталған детективті повесіне (Орда, 2025: 50-60), «Қазіргі әдебиеттің жаңа қаһармандары» мақаласында М. Әбдәкімұлының «Қараман қарақшы», Сү-

леймен қарашы» детективті повестеріне талдау жасалса (Орда, 2025, б. 104-114), Э.Мансурованың «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі детективті повестердің жанрлық ерекшелігі» мақаласында детективті повестердің жанрлық ерекшелігі ғылыми тұрғыда сараланды (Мансурова, 2025, б. 210-223).

### Нәтижелер мен талқылау

Н. Саматұлы мен Ә. Шаймағамбетовтің «Қызылорда – Шымкент – «Набат» әңгімесінің оқиғасы Глухов, Федор, Сергей Усов және үш қылмыскердің жүк тасымалдайтын поездан секіріп түсуімен басталады. «1-май» мен Тартоғай ауылының арасынан түрлері, киім киісі жергілікті тұрғындарға ұқсамайтын бес жолаушының «Икаруска» отыруы, Тартоғайдан өтіп МАИ бекетіне жеткенде жүргізушінің жол жиегінен кездескен бес жолаушы туралы ақпарат беруі – қылмысты ашудағы алғашқы ілгек.

Таңғы сағат 8-дер шамасында №922 Мәскеу – Ташкент жүк-пошта пойызына тіркелген вагонзактан 18-разъезд аумағында сегіз «Макаров» пистолетімен қаруланған аса қауіпті алты қылмыскердің қашып шыққаны туралы хабар жетті. Облыстық Ішкі істер басқармасының бастығы, генерал-майор Есен Демесінович Демесінов пен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша басқарма бастығы, полковник Михаил Юсупович Дауеновтің қауіпті қылмыскерлерді іздестіруі, ұстау туралы шұғыл бұйрықтар беруі, облыс аумағында «Перехват» және «Сирена» операциясын шұғыл ұйымдастыруы – олардың өз кәсібінің шебері екенін көрсететін деталь.

Қылмыскерлердің Қызылорда – Сарығаш автобусында бара жатқаны хабарланған соң, 11-12-лер шамасында Шиеліге жеткенде, екі жақты қарулы атыстан отыз үш жастағы шиелілік құқық қорғаушы аға лейтенант Мұрат Өмірбековтің мерт болуы, онымен бірге қырық екі жастағы Владимир Албандянның қаза табуы оқиғаны шиеленістіре түссе, ату жазасына кесілген Глумсков пен Говорухиндердің өз еркімен берілуі – қылмысты ашудағы алғашқы айғақ. Авобус ішінде қалған Евгений Глухов пен Сергей Усов бір топ жолаушыны кепілдікке алуы оқиғаны шиеленістірсе, Ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары, капитан Нұрлан Жұмабаев пен бөлім қызметкері, майор Өркен Исмайловтың оқиға үстінен кездейсоқ түсуі – дайындықсыздығы.

Өмірде болған оқиғаны арқау еткен шығарма кейіпкерлерінің барлығы өмірден алынғандығымен ерекшеленеді. Қылмысты тоқтатуға ПМ Қылмыстық іздестіру басқармасы бастығының орынбасары, аты аңызға айналған із кезуші Ғабдірақым Меңдешовтің араласуы, қылмыскерлермен жерлестері Михаил Юсуповичтің келіссөз жасауы, Алматыдан ҰҚК-інің арнаулы «А» жасағы, ПМ-нің арнаулы «Сұңқар» тобы келіп жеткенше қылмыскерлерді алдандыра тұруы, поездан секіріп түскен қылмыскер Ф.Я.Васильевтің алысқа ұзамай ұсталуы оқиғаның финалын жақындатса, Шорнаққа келгенде үш баласы бар жүргізушінің автобусты жүргізуден бас тартуы екі жақты да тығырыққа тіреген. Михаил Юсуповичтің үлкен жолдың бойында Самара қаласына бара жатқан, сондағы АТП-1 мекемесі бастығының жабдықтау жөніндегі орынбасары Александр Шехонинді жүргізушілікке келістіруі – оңай шаруа емес.

Қазақстан бойынша көліктегі адамдарды кепілге алу оқиғасы бірінші рет тіркелгендіктен, көлікте кепілге алынған адамдарды шабуылдап барып құтқару операциясы «Набат» – әлденеше рет жаттығумен дәлелденген әдіс. Сексенінші жылдары ұшақтағы кепіл адамдарды құтқару жаттығулары өткен үш әуежайдың бірі – Шымкент әуежайы «А» арнаулы жасағының сарбаздарына жақсы таныс. Сондықтан, қылмыскерлерді Ташкент емес, Шымкенттен Өзбекстанның Ил-76 ұшағымен ұшыруға келісім жасалды.

Кейіпкер бейнесін толықтыратын көркемдік әдістің бірі – монолог болса, оны Глухов пен Михаил Юсуповичтың монологынан көруге болады. Глуховтың монологы оның осы қылмысқа дейінгі өмірінен хабар берсе, Михаил Юсупович қылмыскерлермен арпалысып жүріп, олай-бұлай болса, артынды жетім қалатын бес баласын ойлап әлек. Жазушы кейіпкерлердің ой ағынын олардың болмысын ашуда тиімді пайдаланған.

Шымкент облыстық ҰҚК басқармасының бастығы, генерал Есенгелді Мустафетов кепіл адамдар мен сарбаздарды сақтай отырып, террористерді атып тастауға бел бууы – тығырыққа тірелу. Қылмыстық топпен күресуде әр істің бұйрықпен ғана орындалатынын мынадан көруге болады:

«Мәселенің мәнісін онсыз да түсініп отырған облыс прокуроры Владимир Шведюк сөзге келтірген жоқ:

– Бұлар онсыз да өлім жазасына кесілген бандитер! Сондықтан оларға қаратып оқ атуға бола ма, болмай ма деген сөз, сөз емес. Қол қою

ешқайда қашпайды, ертең қойып берем. Сондықтан бере бер бұйрығыңды! – деп, бір-ақ кесті» (Тәуелсіздік, 2021, б. 35).

Әлем бойынша тіркелген Франциядағы оқиғада автобусты басып алған терроршыны мерген атып түсірген болса, бұл жолы автобус перделері кедергі келтіруде. «А» арнаулы жасағының қаруланған сарбаздарының қар күрейтін ауыр «Зил» көлігі автобусты соға тоқтап, екі қылмыскерді оққа ұшыруы көзді ашып-жұмғанша жылдамдықпен өте шықты. Глуховтың оғы Александр Шехониннің шекесін жалап өткенмен, «Одан ары не болғанын аңдай алмады, алапат бір дүлей күш үйіріп соққаны сондай, жерге жапсырып тастапты. Көзі қарауытып бара жатты» (Тәуелсіздік, 2021, б. 37).

Шығарманың қорытындысы – Шехониннің марапатталуы. Дүние жүзі бойынша тұңғыш рет ешқандай шығынсыз атқарылған осы операция туралы шетел баспасөзі жарыса жазып, телеарналардан көрсеткені – өмірде болған шындық. Эпилог – Қазақстанның Ұлттық қауіпсіздік комитетінің академиясы мен Ресейдің федералдық қауіпсіздік қызметі академиясы қазақстандық «Набат» операциясының методикасын оқу құрал ретінде оқытуы. «Қызылорда – Шымкент – «Набат» әңгімесі мен М.Анарбекұлының «Шымкенттегі шырғалаң» повесіне бір оқиға арқау болған. Екінші шығарма жөнінде Э. Мансурованың «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі детективті повестердің жанрлық ерекшелігі» деген мақаласы жарық көрген (Мансурова, 2025, б. 2010-223).

Әлем әдебиетінде кең тараған қылмыстың бірі – есірткі бизнесі мен есірткі мафиясына қатысты қылмыстар. Мафия мен ұйымдасқан қылмыстың, соның ішінде есірткі мәселесі Марио Пьюзонның «Өкіл әке», картельдерінің қалыптасуы мен АҚШ – Мексика шекарасындағы есірткі соғыстары Дон Уинслоудың «Иттің күші», картельдер арасындағы қақтығыстардың жалғасы «Картель», Калифорниядағы есірткіні өсіріп сататын екі жас жігіттің картельмен текетіресі «Жабайылар», қылмыс пен есірткі арқылы басқарылатын элиталық қауымдастық Роберт Сэвидждің «Кокаин түндері», психотроптық заттар төңірегіндегі мәдениетті сатирамен бейнелеген Хантер С.Томпсонның «Лас-Вегастағы қорқыныш пен жеккөрушілік», есірткі саудасы туралы Богуслав Шнайдердің «Алтын үшбұрыш» романдарына арқау болды. Әлем әдебиетіндегі есірткі саудасына қатысты бұл қатар бүгінде қазақ жазушыларының шығармаларымен толығыда. Қазақ жазушысы Д. Бейсенбекұлы-

ның «Қылтұсау» романымен, ұйғыр жазушысы Ш.Назаровтың «Қарғыс атқан тағдыр» детективті романымен, Н. Саматұлы мен Ә.Шаймағамбетовтің «Шаттықтың үңгірі» әңгімесімен толығыда. Жазушылар соңғы әңгімеде жекелеген эпизодтарды үлкен мәселелерден хабар үшін пайдаланған. Осындай детальдың бірі – кезінде халық балық аулап күнелткен «Майкөл», «Кіндіккөл», «Үйсінкөл», «Түйе кеткен» сияқты көлдердің суалуы. Суы қашып, шаруашылығы тоқыраған жылдары екі ауданның арасында әрлі-берлі жортып жүретін барымташылар сол кездің әлеуметтік-экономикалық жағдайын көрсету мақсатында алынған.

Жазушы монологты кейіпкерлер туралы толыққанды мәлімет беру мақсатында пайдаланған. Барысбектің монологынан жасы жиырма бестегі Шаттықтың бір-ер жыл түрмеде отырып келгенінен, тоқсан алтыншы жылы Құмкөл жақта қара сора екендердің тұтқындалғанынан, қара сораның шырша сияқты екі-үш метр биік болып өсетінінен хабардар боламыз. Ал, Шайзаттың монологы өзінің осы салаға 1986 жылы келгенінен, жасы елулерге келген Тұраш деген кісінің жоғалып кетуінен, оның елесі Байқоңыр әскери бөлімінде «Зил» айдайтын жігіт пен оның шешесіне тыныштық бермеген соң, таң қараңғысында машина астында мыжылып қалған Тұраштың мүрдесін жасырын көмеу салуынан, ешкім білмейтін қылмысты оның елесі ашуынан, Шайзаттың «Алла қылмысты жақтырмайды... Қылмыскердің арты қуыс болатыны содан» деген ойынан кез келген қылмыстың ерте ме, кеш пе ашылатынына сенеміз.

Жанрдың ерекшелігі туралы: «Детектив шығармалардың негізгі ерекшелігі – оқиғаның құпия жағдайға құрылуы, қылмыскерлердің із жасыруы, құқық, заң қызметкерлерінің біліктілігінің арқасында айғақтың табылуы, бұлтартпасыз айғақтың негізінде қылмыскерлердің тұтқындалуы», – деген пікірге сүйенетін болсақ (Орда, 2025, б. 58), бұл оқиғада да бірде-бір айғақ қалмаған қылмысты ашу жолындағы болжамдар үлкен жетістікке жеткізеді. Екі-үш күн кешіксе із жасырып кеткелі отырған қылмыскерді қолға түсіруде қылмыстық топтың құрықталуы – қара сора алып келетін қасіреттің алдын алу. Қара сораның бір қасіретін оны тартып алған Түктібай мен Шаттықтың төбелесуінен, өлген Түктібайдың етін Шаттықтың қуырып жеп, бас сүйегі мен алақан-сирақтарын көмуінен көрсек, Шаттықтың екі атты қамыс ішінде шідерлеп қойып бір-ер күнде қашып кетпек болып, орған

сораларын әр жер-әр жерге көміп көзден тасалауы – бүкіл қылмысты өзіне аударатынын біліп ізін суытуды көздеуі. Қай уақытта да үлкен қылмыскерлер қылмысты бір адамның басына аудару үшін ешкімі жоқ жетімектерді іздейтіні белгілі. Бұл жолы да Бектібай ауылдағы ағайыны болып келетін сенімді жігіттерді таңдаған. Оның ойы қылмысты Шаттықтың мойнына ілу болса, оны сезген жігіттің жастығын ала жығылуы – өмір үшін күрес. Қара сорамен баймақ болған Бектібай туған інісінен айырылып, сыбайластарымен бірге темір торға тоғытылатынын кеш білді.

Ш. Елеуқеновтің: «Көркем шығарма қашанла қалам иесінің өміртәжірибесімен астасып жатады ғой», – деген пікіріне сүйенетін болсақ, шығарманың оқиғасы 1997 жылы болғанына қарап отырып, осындай үлкен қылмыстардың жасалуына елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы тікелей әсер еткенін байқауға болады (Елеуқенов, 2017, б. 130). Төрт ай бойы қара сораны қарауылдаймын деп далаға түнеп, аш құрсақ жүрген жігіттің жағдайын екінің бірі түсінбейтіні белгілі. Бектібай қара сорамен айналысқандардың жазасы ауыр болатынына хабарсыз болғандықтан, үлкен іске тәуекел еткені анық. Шөбін орып алмай жатып інісінің конопляның жапырағын қуырып жеп ақыл-естен ауысуынан өлім құшуын көрсек, мыңдаған, миллиондаған жастардың болашағына балта шабатын сюзьманы дер кезінде тауып құрықтаған із кесушілер мен тергеушілердің ісіне тәнті болмасқа амалыңыз жоқ.

«Төрт қыздың трагедиясы» әңгімесінің де оқиғасы Қызылорда қаласында болған. 1997 жылдың 31 желтоқсанында орын алған оқиғаның артында бірде-бір айғақ қалмауы облыстық ішкі істер басқармасының бастығы, полиция полковнигі Тастемір Сауранбайұлы Рахимовты, оның жедел істер жөніндегі орынбасары, полиция подполковнигі Сабыр Сыдықұлы Мұқтаровты, облыстық басқарманың криминальды полиция қызметінің бастығы, полиция подполковнигі Серікбол Қуатбайұлы Тұңғышбаевты, облыстық басқармаға қарасты қылмысты іздестіру бөлімінің бастығы Алмас Ибраевты, ішкі істер басқармасы бастығының тергеу ісі жөніндегі орынбасары Бақыт Қайыркешқызы Көпеновнаны, тергеуші Темірхан Қанатбаевты, Сот-медициналық экспертиза бюросының бастығы Қамбар Сексеновті, Қалалық ішкі істер бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Мақсұт Ыбырайханұлы Нәлібаевты, прокуратура мен ҰҚК-нің адамдарын тығырыққа тіреді.

Екі айға жуық созылған істі жабуға дәретханадан табылған заттар мен әпкесі Әсия мен жездесінің Маратқа сыйлаған алтын алқа айғақ ретінде ұсынылды. Шығарманың шешімі – араға бір ай салып куәлер мен криминалистер Өтепханұлын қылмыс болған үйге алып келгенде, ол өзінің қалай жүргенін, қайда бұрылғанын, дәретханаға не тастағанын айтып беруі.

Эпилог – 1998 жылдың 6-шілдесінде осы іс бойынша Қызылорда облыстық соты Қазақстан Республикасы атынан жариялаған үкімімен 1975 жылы туған Марат Өтепханұлы Қылмыстық кодекстің бірнешедеген баптары бойынша кінәлі деп табылып, өлім жазасына кесілуі, көп ұзамай үкімнің көшірмесі қапияда көз жұмған қыздардың ата-аналарына берілуі.

«Қызылордаша киднеппинг» әңгімесі «Қырық күн шілденің аптабы артта қалып, қалада қыркүйектің жанға жайлы мизам шуағы орнаған. Мизам шуақтың келуі мезгілдің өлара тұсы. Жыл он екі ай лекілдеп соғатын да тұратын лақуа желдің бір мезгіл тыным табатын кезі де осы. Содан ба қызылордалықтар жаз бен қыстың, ыстық пен суықтың аралығындағы айға толмас осы бір жайлы мезгілде рақат күй кешеді. Осы рақаттың бұзылмауын әркім де тілер еді», – деп басталады (Тәуелсіздік, 2021, б. 91).

Осындай жанға жайлы жайма шуақты телефонмен келген тосын хабар бұзуының себебі – облыстық ішкі істер басқармасының бастығы, полиция полковнигі Тастемір Сауранбайұлы Рахимов орынбасарларын шұғыл жинап, Қызылорданың тарихында болмаған қылмыстың жолын кесуге бұйрық беруі.

Монолог негізгі оқиғаны толықтыруда үлкен қызмет атқарады. Оны Тастемір Сауранбайұлының: «Бұрын республика көлемінде бірең-саран болса болған шығар бұндай қылмыс. Ал Қызылорда өзіндік жағымды менталитеті бар, өзіндік тәрбиесі, өнегесі бар өзгеше облыс емес пе? Қалайша бұлай болды?» деген ойы мен қызылордалықтар туралы пікірі толықтырады. Оңтүстік өңірдің қалыптасқан өз тәрбиесі бар, адам үрлау – адам ойына сымайтын қылмыс.

Оқиғаның шешімі – таксист Ыдырыс Досжанов пен Батырханның Титов шағын ауданындағы бір-біріне ұқсап қалған үйлердің арасынан баланы қамаған пәтерді іздеп тауып, қылмыскерлердің тұтқындалуы. Тергеуші Темірхан Қанатбаев Батырханмен әңгімелесе отырып, терезеден батпақ-батпақ болып бұзылып тұрған дөңгелексіз водовозды көргенін біледі. «Г» әрпі тәрізді бір-біріне түйісіп орналасқан екі үйдің

аралығында тұрған «ГАЗ-52» машинасын тез тапқанмен, пәтерді табу оңайға түскен жоқ. Көршісінің пәтер иесі Құрманның әйелімен ажырасып жүргенін, көрші үйде «Қайсарда» доп ойнайтын футболшы досы бар екенін айтуы іздеу жұмысын жеңілдеткен. Футболшы құрықталған соң, Байтұрсынұлы көшесіндегі бес қабат үйдің он үшінші пәтерінде тұратын Құрманның үйіне полиция жедел уәкілдерінің бір тобы барып, тінту жүргізуімен төсек астынан табылған көк алақша салынған бүктеулі пакет – негізгі айғақ. Тергеу барысында Ерік Айбатұлы Бекбосынов пен Құрман Нұрғалиұлы Федоров екеуі алдын ала жоспар жасап, оған Дмитрий Дмитриевич Ореховскийді тартқаны анықталды.

Оқиғаның шешімі – үшінші күдікті Ерік Бекбосыновтың келіншегі Ким Иринаның мекенжайы анықталған соң, жедел уәкілдердің бір тобы Ерік пен досы Құрманды қонақта отырған жерлерінен ұсталуы. Қорытынды – Қызылорда қалалық сотының судьясы Ғани Төлеухан тергеу ісін саралай келе Қазақстан республикасының атынан 1999 жылдың 29-наурызында шығарған үкімімен Құрман Нұрғалиұлы Федоровқа 14 жылға, Дмитрий Дмитриевич Ореховскийге 11 жылға, Ерік Айбатұлы Бекбосыновқа 10 жылға бас еркінен айыру жазасын тағайындауы.

Эпилогта қылмысты ашуға облыстық Ішкі істер басқармасы, қалалық Ішкі істер бөлімі, МАИ қызметкерлері, Ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметкерлері жұмыла кірісіп, нәтижелі еңбектері үшін Ғалымжан Ахметов, Әмірбек Бердібекұлы, Темірхан Қанатбаев, Ұлан Ысқақовтар Ішкі істер министрлігінің марапаттарымен марапатталғаны айтылады. Сүлеймен қарашының әр қылмысты ашуда тексеруші, ізкесуші қызметін атқара жүріп, ақ патша мен кеңес өкіметі жеңе алмаған адам жейтін жөйт Бекабаның ордасын талқандағанын еске алатын болсақ (Орда, 2025, б. 112), бұл қылмысты ашу да оңайға түскен жоқ. Асқардың баласы үшін 60 мың доллар табуы – тоқсаныншы жылдар үшін оңай шаруа емес. Оның ісінен баласының жолында неге болса да дайын екенін көреміз. Алдын ала жоспарланып, артында дәлел мен айғақ қалмаған қылмыс «ақылды тергеушілердің» кәсіби шеберлігімен ашылғаны нанымды бейнеленген.

«Алақандағы алты тал шаш» әңгімесінің оқиғасы түскі асқа отыра берген облыстық криминальды полиция қызметінің бастығы Серікбол Қуатбайұлына телефонмен жеткен шұғыл тапсырмамен басталады. Милициялық жұмысқа жиырма бір жасында келгеннен бері жиырма

жылдай уақыты қылмыскерлерді іздеумен өтіп келеді. Балалары Ғалымжан мен Сабыржанның басынан сипамақ түгілі, келіншегі Гуляның шайын ішуге уақыты жоқ.

Судан табылған бірінші қаптың ішінен адамның сирағы, екінші қаптан екі бас, төрт қол шыққан. Біреуі – целлефон қалтаға салған қыздың басы, екіншісі – басына қыздың трусии кигізілген жігіттің басы. Қылмыстың соңында ешқандай айғақ болмағандықтан, криминалистикаға сәйкес түрлі болжамдар жасалады. Қылмыскердің мас болуы, қаптың аузын байлаған изоляцияланған алюминий сымды қылмыс болған жерден алуы, өткенде қыздың кеудесі табылған қап та осындай сыммен байлануы, жігіттің кеудесі төртінші қапта болуы, қап ұзаққа кетпей талдың бұтағына ілініп қалғандықтан қылмыс плотиноның бергі жағында болуы мүмкін деген болжамдар жасалды. Өткен аптада табылған қыздың кеудесі салынған қап Жалағаштың тұсынан шыққан.

Алмабектің үйінің жанындағы кәріс кемпірдің үйінде өлтірілген қыз бен жігіттің мәйітін экспертиза Нұрай мен Болатхандікі екенін анықтауы, балтадағы қан мен шаштың марқұмдардікі екені анықталғанмен, дәлел жетіспей тұрғанда қыздың оң алақанынан табылған алты тал шаш бұлтартпас айғақ болды. Экспертиза қорытындысы бойынша шаш Қазидікі екендігі анықталды.

Жазушы криминалистер мен тергеушілердің тынымсыз еңбегін Қазидың қылмыстарын бір жылдан аса тергегенімен көрсеткен. Шешім – Шымкент пен Қызылорда криминалистерінің бірлесе жұмыс істеуімен Қазидың төрт адамды өлтіргені анықталып, өлім жазасына кесілуі, адам өлтіру қылмыстарына көмектескені үшін өгей әкесі Алмабек Сағынаевтың он бес жыл бас бостандығынан айырылып, жазасын қатаң режимдегі түзеу колониясында өтейтіні. Бұл – қашан да әділеттің жеңуінің көрінісі. Әңгімеде төрт адамның қанын жүктеген Қазидың ой ағыны оның істерін толықтыру мақсатында пайдаланылса, монолог, диалог, кейіпкер сөздері әр кейіпкердің болмыс-бітімін ашуға көмектескен.

«Алты айда ашылған қылмыс» әңгімесінің оқиғасы тозақтың отымен бірдей Қызылорданың шілдесінде шошқа бағушының шошқа қорадан сылбыр аяндап келе жатуымен басталғанмен, түн ортасында оқиға шиеленісе түсіп, КамАЗ ұрлауға келген Андрей Яшков пен Ермек Байжанов Эльзаны өлтіріп қапқа салады. Ол ұрланған КамАЗ-ды сатып, өзінің туған жері Тула-

ға кетпек болған Яшков Макарычты қоса алып кетеді.

Үш жыл бұрын 1998 жылы Шымкенттен Оралға бара жатқан жеміс-жидек тиелген КамАЗ-дағы Әлиасқар Мамышев, Еділбай Мұқанов деген екі жүргізушінің мәйітін тайыз көме салуы, оны бір қойшының тауып алуы, 1998 жылдың тамызында «Ембімұнайтранспорт» мекемесінің кірпіш тиеген КамАЗ-ы Қазалы мен Байқоңыр аралығында жоғалуы, көлікте ерлізайыпты Киса Булеев, Зоя Баймановалардың болуы – ашылмаған қылмыстар. Енді осы екі қылмысқа үшінші адам өлімі тіркеліп отыр. Үш жыл бұрынғы көмескіленіп кеткен қылмыстарға үш тергеуші бекітпек болғанда, үшеуін де Сәбит Жапбаровтың өз мойнына алуы – өз ісіне адалдығы мен еңбекқорлығы. Ол – бес жыл бұрын, практикант кезінде үш жыл бойы ашылмаған қылмысты ашып жиырма екі жасында танылған криминалист.

Макарычтың өткінші мотоциклге мінгесіп ұрыларды полцияға ұстап беруі, Яшковтың Қармақшы ауданы аумағындағы Қарөзек каналынан КамАЗ-дың артқы бортын тауып беруі, Байқоңырдағы құрылысшы Соболев Евгений Анатольевич, Левченко Андрей Андреевич пен өзбек Бахтиярдың көмектескенін айтуы – қылмыстың ашылуын жеңілдеткен дәлелдер.

«Әх, Света, Света! Ұрғашылар ішіндегі қылықтым! – деп көңілі шалқып, шырын ойға шым батты. – Сенің аш белеңнен құшақтап, тоқ кеуденен иіскеу үшін не істемедім мен!» (Тәуелсіздік, 2021: 196), – деген монологынан қылмыскердің сүйіктісі Светаның көңілінен шығу үшін қаншама қылмыс жасағанын көруге болады.

Еркін Байжановтың шалбарына жабысқан талшық пен балтадаға қол ізінен кәріс әйелді өлтіргенін, 1998 жылы есірткімен ұсталып, Атырауда түрмеде отырған Исмайлов Бахтияр Маратовичтің адам өліміне қатысын, Сәтбаев ауылынан табылған КамАЗ тіркемесін, мемлекеттік тіркемесі «70 УТН» көлігін анықтау – тергеушінің кәсіби шеберлігі ретінде суреттелген. Оқиғаның шешімі – осы істер бойынша 2002 жылдың 5-наурызында Андрей Васильевич Яшков пен Бахтияр Маратович Исмайлов өлім жазасы, Евгений Анатольевич Соболевқа 15 жыл, Андрей Андреевич Левченкоға 14 жыл, Еркін Сырымбетович Байжановқа 15 жыл бас бостандынан айыру жазасы тағайындалуы.

«Такси аулаған тажалдар» шығармасының оқиғасы тоғызыншы разьезде тұратын Талдыбай Басаров деген кісінің төрт сиырын өрісте жа-

йылып жүрген жерінен біреулердің сойып алып кеткенін тексеруге бара жатқандардың ақ жигулидің соңына түскенімен басталған. Оқиға 2004 жылдың 5-шілдесінде орын алса, оған дейін 2002 жылдың 8-желтоқсанында Ербол Исақаев деген таксишінің ізім-қайым жоғалғаны ашылмаған. Криминалистика ғылымы бойынша Ерболдың алдында екеу, одан кейін және бір таксиші жоғалғанын ашу үшін алдымен оған үйлесетін болжам жасау керек.

1966 жылы туған Қызылорда қаласының тұрғыны, екі баласы бар таксиші Берік Тұңғышбайұлы Құлдасовтың ауруханаға жетпей «Жедел жәрдем» ішінде көз жұмуы, Кәттебайдың үйін тәркілеуде жоғалған машиналардың бір камаз бөлшектері табылуы – негізгі айғақ.

Жазушы түсті қылмыскерлердің қылмыстарын ашу мақсатында пайдаланған. Кәттебайдың түсінде өзі өлтірген жігіттер өзін өлтірмек болып, кезек-кезек түсіне енуінен оның бойындағы үрей мен күдік менмұндалайды. «...Өңінде өз қолымен өлтірген адамдар енді түсіне кіріп өзін өлтірген деген не сұмдық! Өзі өлтірген таксишілердің жан қиналысын, көңіл күйзелісін енді өзі сезінген деген қандай қасірет? Қатты үрейленді. Қалш-қалш еткен денесін билей алмады...» (Тәуелсіздік, 2021: 236). Қылмыскердің өлтірген адамдары өзін өлтіргелі жүруімен оның байындағы сезім күйлері ашыла түскен. Түн ұйқыдан айырылып, жан азабына түскен оның Ескермесов Жақсымұрат пен Нұрымбетов Талғатты өлтірген жерін көрсетуі, Махмуд Жортынбаевты өлтірген уақытын дәл айтуы, Олег Кимге қатысты қылмысты мойындауы – бұлтартпасыз айғақтар.

Осындай көркемдік қызмет атқарып тұрған келесі түс Мырзабектікі. Оның түсіне марқұм анасы кіруі, анасының ақылын тыңдамай қылмысқа баруы – кейіпкердің жан дүниесіндегі арпалыс сезімдердің көрінісі.

Оқиғаның шарықтау шегі – сот-дәрігерлік сараптама, сот-криминалистикалық сараптама, сот-дәрігерлік-криминалистикалық, сот-физика-техникалық, сот-биологиялық сараптама, сот-тауарлық, сот-трассологиялық, сот-наркологиялық, сот-психиатриялық сараптамалардың негізінде алты таксишіні қинап өлтіріп, көлігін өз пайдаларына жаратқан қос қылмыскердің жасаған қылмыстары дәлелденуі.

Оқиғаның шешімі – айыпталушы Кәттебай Ожабаев пен Мырзабек Бешбаевқа Қазақстанда өлім жазасына мораторий енгізу туралы 2003 жылғы желтоқсанның 17-сіндегі Президент

жарлығына байланысты, Қылмыстық кодекстің 58-бабының 4-бөлігі негізінде мүлкін тәркілей отырып, өмір бойы бас бостандығынан айыруға түпкілікті жаза тағайындалуы, жазасын ерекше режимдегі түзеу колонияда өтеуі белгіленуі (Тәуелсіздік, 2021, б. 248).

Таксишілердің із-түзсіз жоғалуына қатысты жеті жыл бойы әшкереленбей келген қылмыстың ашылуы облыс қана емес, республика көлемінде де айтулы оқиғаға айналды. Қылмысты ашу барысында Сырдария аудандық Ішкі істер бөлімінің құрамы бірлесе жұмыс істеді. Деректі проза туралы К.Бейсенбіқызы: «Деректі шығарма – бүгінгі күнге де, болашаққа да теңдей қызмет ететін ақиқат ақпарат арқалаған өнер туындысы деу қонымды», – деген болатын (Бейсенбіқызы, 2006, б. 217). Осы пікірге сүйенетін болсақ, эпилогта көмескіленген қылмысты ашудағы кәсіби шеберлігі үшін біраз қызметкерлердің марапатталуы шығарманың деректілік сипатын танытып тұр.

### Қорытынды

Қорыта айтқанда, жоғарыдағы әңгімелерге 1992-2020 жылдардағы Қызылорда қаласы мен облыстағы қылмыстар арқау болған. Жазушы аталған қылмыстық істер туралы құжаттармен танысып, ел аузында жүрген қылмыстарға жан бітірген. Қылмыстың жасалуына әлеуметтік жағдайлар тікелей әсер ететін болса, аталған қылмыстардың дені – болмашы ақша үшін өлтірілгендердің трагедиясы. Екі сумка заты үшін ерлі-зайыптылар мен екі тонна күріш алатын 93 мың теңгесі үшін өлтірілген жігіт тағдыры ел ішіндегі жұмыссыздықтың салдарынан қылмыстардың көбейгендігін көрсетеді. Авторлар кейіпкерлерінің бастан кешкен оқиғаларын, олардың арпалыс үстіндегі психологиясын шынайы бейнелеуге тырысқан.

Қылмысты ашуға құрылған детективті шығармаларға өмірде болған оқиғалар арқау болғандықтан, олардың негізгі кейіпкерлері – өмірден алынған замандастарымыз. Айыпталушыларға шыққан үкімнің уақыты, қылмысты ашуға қатысқандардың мемлекет тарапынан марапатталуы шығармалардың деректілік сипатын ашып тұр. Жазушы әр шығарманың эпилогында қылмыстан кейінгі жағдайдан хабар беруді ұмытпаған. Сонымен бірге теорияға сәйкес жасалған қылмыс жөнінде кемінде төрт болжамның болатындығын жадында ұстаған. Қылмыстарды ашуда жедел ұйымдастырудың септігі тигенін, бір қылмыстың ізіне түсе жүріп, бірнеше жыл бұрынғы көмескіленіп ұмытыла бастаған қылмыстардың ашылуынан Қызылорда облыстық, қалалық, аудандық құрылымдар мен МАИ қызметкерлерінің төзімділігін, шеберлігін, іскерлігін көреміз.

### Қаржыландыру

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2025-2027 жылдарға арналған АР26101121 «Қазақ детективі: тарихы, формалары, функциялары» гранттық жобасы аясында әзірленді.

### Мақала авторларының үлесі

Г. Орда зерттеу идеясын ұсынды, әдістемесін айқындады, ғылыми талдау жасады, мақаланың бастапқы нұсқасын әзірлеп, мәтінді редакциялау және толықтыру жұмыстарын орындады.

### Мүдделер қақтығысы

Автор мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

### Әдебиеттер

- Zhunossova, A., Kenesbayeva, Sh., Tulekova, G., Nurpeissov, N., & Turysbek, R. (2023). Tracing the history of the detective genre in literature: A qualitative study based on interviews with literary critics. *International Journal of Society, Culture & Language*, 11(3), 13–22. <https://doi.org/10.22034/ijsc.2023.1999960.2998>
- Аббасова, Ж. Ж. (2016). *Детективный жанр в азербайджанской литературе* [Диссертация на соискание степени доктора философии]. Баку.
- Айжігітов, Б. С. (2021). *Кемел ағаның аманаты*. Алматы.
- Әбілов, А. (2007). Ұлттық детектив: Қылмыстық дәуірдің әдеби пульсі. *Жұлдыз (Ulduz)*, 12, 17–19.
- Бейсенбіқызы, К. (2006). Деректі әдебиет. In *Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. Тәуелсіздік кезеңі (1991–2001)* (10-том, 215–241-бб.). ҚазАқпарат.

Детективный жанр в искусстве: Социальный, психологический, литературный аспекты в прошлом и настоящем: Материалы Всероссийской научно-практической конференции студентов и магистрантов (10 апреля 2024 г., г. Липецк). (2024). Наука-Юрипресс.

Елеуенов, Ш. (2017). Романдардағы тарихи шындық пен көркем шешім. In *Ұлттық әдебиет және еліміздің зияткерлік әлеуеті (Тәуелсіздік дәуіріндегі проза): Ұжымдық монография* (125–250-бб.). Print Express.

Жунусова, А. К. (2023). *Жазушы Кемел Тоқаев және қазақ әдебиетінің детектив жанрын ЖОО-да оқыту* [PhD диссертациясы, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті].

Қирабаев, С. (2011). *Ұлт тәуелсіздігі және қазақ әдебиеті: Әдебиеттік зерттеулер, сын мақалалар, естеліктер*. Жібек жолы.

Латифли, С. Б. (2025). *Әзербайжан детектив прозасының қалыптасуы мен дамуы (Жәмшиит Әміровтің шығармалары негізінде)* [PhD диссертациясының авторефераты]. Баку.

Мансурова, Э. (2025). Қазіргі қазақ әдебиетіндегі детективті повестердің жанрлық ерекшелігі. *Е. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы*, 3(119), 210–223. <https://rep.ksu.kz/handle/data/21001>

Мұхтарова, Т. Д. (2021). *Қазіргі детектив жанрындағы қаһарманның рухани дүниесінің суреттелуі (Шыңғыс Абдуллаев еңбегі негізінде)*. Баку.

Саматұлы, Н., & Шаймағамбетов, Ә. (2021). *Тәуелсіздік қырандары*. Zaman Print.

Нұрғалымұлы, Ү. (2018). *Тағдыр мен майдан. Кемел Тоқаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы әдеби зерттеу*. Ғылым.

Орда, Г. (2025). Қазіргі әдебиеттің жаңа қаһармандары. *Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар / Социально-гуманитарные науки / Social and Humanities Sciences*, 4(82), 104–114.

Орда, Г. (2025). С. Олжабайдың «Қыз жылаған түн» детективті повесінің көркемдік ерекшелігі. *Керуен*, 88(3), 50–60. <https://keruenjournal.kz/main/article/view/1223/548>

## References

Abbasova, Zh. Zh. (2016). *Detektivnyi zhanr v azerbaidzhanskoi literature* [The detective genre in Azerbaijani literature]. Baku. (In Russian)

Aizhigitov, B. S. (2021). *Kemel agany amanaty* [Kemel aga's legacy]. Almaty. (In Kazakh)

Abilov, A. (2007). Ultyq detektiv: Qylmystyq dauirdin adebi pulsi [National detective fiction: The literary pulse of the criminal era]. *Zhuldyz (Ulduz)*, 12, 17–19. (In Kazakh)

Beisenbiqyzy, K. (2006). Derekti adebiet [Documentary literature]. In *Qazaq adebietinin tarihy. On tomdyq. Tauelsizdik kezeni (1991–2001)* [History of Kazakh literature. Ten-volume edition. Independence period (1991–2001)] (Vol. 10, pp. 215–241). QazAqparat. (In Kazakh)

*Detektivnyi zhanr v iskusstve: Sotsial'nyi, psikhologicheskii, literaturnyi aspekty v proshlom i nastoiashchem: Materialy Vserossiiskoi nauchno-prakticheskoi konferentsii studentov i magistrantov (10 apreliya 2024 g., g. Lipetsk)* [The detective genre in art: Social, psychological, and literary aspects in the past and present: Proceedings of the All-Russian scientific-practical conference of students and master's students (April 10, 2024, Lipetsk)]. Nauka-Yuripress. (In Russian)

Eleukenov, Sh. (2017). Romandardagy tarihi shyndyq pen kormek sheshim [Historical truth and artistic solution in novels]. In *Ultyq adebiet zhane elimizdin ziiatkerlik aleueti (Tauelsizdik dauirindegi proza): Uzhymdyq monografiya* [National literature and the intellectual potential of our country (Prose of the independence era): Collective monograph] (pp. 125–250). Print Express. (In Kazakh)

Zhunusova, A. K. (2023). *Zhazushy Kemel Toqayev zhane qazaq adebietinin detektiv zhanryn ZHO-da oqytu* [Writer Kemel Tokayev and teaching the detective genre of Kazakh literature in higher education] [PhD dissertation]. L. N. Gumilyov Eurasian National University. Astana. (In Kazakh)

Qirabaev, S. (2011). *Ult tauelsizdigi zhane qazaq adebieti: Adebiettik zertteuler, syn maqalalar, estelikter* [National independence and Kazakh literature: Literary studies, critical articles, memoirs]. Zhibek zholy. (In Kazakh)

Latifi, S. B. (2025). *Azerbaizhan detektiv prozasynyn qalyptasuy men damuy (Zhamshit Amirovtin shygarmalary negizinde)* [Formation and development of Azerbaijani detective prose (Based on the works of Jamshid Amirov)] [Abstract of PhD dissertation]. Baku. (In Kazakh)

Mansurova, E. (2025). Qazirgi qazaq adebietindegi detektivti povesterdin zhanrlyq ereksheligi [Genre features of detective novellas in modern Kazakh literature]. *E. Boketov atyndagy Qaragandy ultyq universitetinin Khabarshysy. Filologiya seriiasy*, 3(119), 210–223. <https://rep.ksu.kz/handle/data/21001> (In Kazakh)

Mukhtarova, T. D. (2021). *Qazirgi detektiv zhanryndagy qaharmannyn ruhani dumiesinin surettelui (Shyngys Abdullaev enbegi negizinde)* [Representation of the hero's spiritual world in the modern detective genre (Based on the works of Chingiz Abdullayev)]. Baku. (In Kazakh)

Samatuly, N., & Shaimagambetov, A. (2021). *Tauelsizdik qyrandary* [Falcons of independence]. Zaman Print. (In Kazakh)

Nurgalymuly, U. (2018). *Tagdyr men maidan. Kemel Toqayevyn omiri men shygarmashylygy turaly adebi zertteu* [Fate and war. A literary study of Kemel Tokayev's life and work]. Gylym. (In Kazakh)

Orda, G. (2025). Qazirgi adebiettin zhana qaharmandary [New heroes of contemporary literature]. *Q. Zhubanov atyndagy Aqtobe onirlik universitetinin khabarshysy. Aleumettik-gumanitarlyq gylymdar / Sotsial'no-gumanitarnye nauki / Social and Humanities Sciences*, 4(82), 104–114. (In Kazakh)

Orda, G. (2025). S. Olzhabaidyn “Qyz zhylagan tun” detektivti povestinin korkemdik ereksheligi [Artistic features of S. Olzhabay’s detective novella “The Night When the Girl Cried”]. *Keruen*, 88(3), 50–60. <https://keruenjournal.kz/main/article/view/1223/548> (In Kazakh)

Zhunussova, A., Kenesbayeva, Sh., Tulekova, G., Nurpeissov, N., & Turysbek, R. (2023). Tracing the history of the detective genre in literature: A qualitative study based on interviews with literary critics. *International Journal of Society, Culture & Language*, 11(3), 13–22. <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2023.1999960.2998>

**Автор туралы мәлімет:**

Орда Гүлжахан Жұмабердіқызы – филология ғылымдарының докторы, доцент, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты (Алматы, Қазақстан, e-mail: [orda\\_68@mail.ru](mailto:orda_68@mail.ru)).

**Information about the author:**

Orda Gulzhakhan – Doctor of Philological Sciences, Associate Professor, M.O.Auezov Institute of Literature and Arts, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: [orda\\_68@mail.ru](mailto:orda_68@mail.ru)).

**Сведения об авторе:**

Орда Гульжан Жумабердиевна – доктор филологических наук, доцент, Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова (Алматы, Казахстан, e-mail: [orda\\_68@mail.ru](mailto:orda_68@mail.ru)).

Келін түсті: 20 қаңтар 2026 жыл  
Қабылданды: 23 наурыз 2026 жыл